

**"Адамның ұрпақ жаңғырту құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы"  
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 29 желтоқсан N 1410

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Адамның ұрпақ жаңғырту құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

**Адамның ұрпақ жаңғырту құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы Қазақстан Республикасының Заңы**

Бұл заң азаматтардың отбасын жоспарлауды, өзінің ұрпақ жаңғыртуды таңдау құқығын еркін жүзеге асыру жөніндегі қызметті алу үшін жағдай жасау мақсатында халықтың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттің кепілдемесін белгілейді.

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

**1 - б а п .                      Н е г і з г і                      ұ ғ ы м**

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар колданылады:

1) қосалқы ұрпақ жаңғырту әдістері - адамның ұрпақ жаңғырту қызметін оңдауға бағытталған диагностика, емдеу және оңалту жөніндегі медициналық іс-шаралар **к е ш е н і** ;

2) контрацепция - қаламаған жүктілікті ескертудің әдістері мен құралдары;

3) жыныстық клеткалар - аталық (сперматозоидтар) жыныстық клеткалар және аналық (аналық бездер) жыныстық клеткалар;

4) ұрпақ жаңғырту денсаулығы - ұрпақ жаңғыртуға қабілеттілігін анықтайтын жеке, **п с и х и к а л ы қ                      д е н с а у л ы ғ ы н ы ң                      ж а ғ д а й ы** ;

5) ұрпақ жаңғырту таңдауы - азаматтардың некедегі және некеден тыс баланың тууы мен тууынан бас тартуына, бала көтеру және туу әдістеріне, олардың санына, уақытына және туған жеріне, туу арасының жиілігіне қатысты шешімдерді қабылдауы



қ о л д а у ;

азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау, дені сау балаларды туу проблемаларын шешуге қоғамдық ұйымдарды және бұқаралық ақпарат құралдарын тарту болып табылады.

**4-бап.** Азаматтардың ұрпақ жаңғырту құқығы саласында мемлекеттік басқару

1. Азаматтардың ұрпақ жаңғырту құқығы саласындағы мемлекеттік басқаруды Қазақстан Республикасының Үкіметі, азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы және жергілікті өкілдік және атқарушы органдар жүзеге а с ы р а д ы .

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

халықтың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік саясатының және оны жүзеге асыру кепілдемесінің негізгі бағыттарын әзірлейді; мемлекеттік бағдарламаны әзірлейді, Қазақстан Республикасының Президентіне бекітуге ұсынады және олардың орындалуына жауапты болады; азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі бағдарламаны б е к і т е д і .

3. Азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы: азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтаудың бірыңғай мемлекеттік с а я с а т ы н жү р г і з е д і ;

салааралық үйлестіруді, сондай-ақ азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, нысаналық және кешендік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

өзінің құзыретті шегінде азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жүйесін дамыту жөніндегі және отбасын жоспарлау жөніндегі қызмет көрсету шараларын анықтайды;

жергілікті атқарушы органдар арқылы денсаулық сақтаудың аумақтық органдары мен ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

азаматтарды хирургиялық стерилизациялау, жүктілікті үзу, қан беру және жыныстық клеткаларды сақтау, ұрпақ жаңғыртудың қосалқы әдістерін қолданудың тәртібі мен өткізу жағдайын анықтайды;

орталық атқару органымен бірлесе отырып білім беру саласында адамгершілік-жыныс білім беру және кәмелетке толмағандардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі бағдарламаны әзірлейді;

өзінің құзыреті шегінде заңмен қаралған жағдайлардан басқа лицензиялауға жататын қызметтің түріне лицензия береді.

4. Жергілікті өкілдік және атқарушы органдары:

ұрықсыздықтың алдын алу, дені сау халықты қалыптастыру, ұрпақ жаңғырту денсаулығын дамытуға және нығайтуға қабілетті халықтың өмір сүруіне қажетті жағдай кешенін қамтамасыз етеді;

азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтауға және аймақтық бағдарламаны іске асыруға арналған шығыстар бөлігіндегі жергілікті бюджеттерді әзірлейді, бекітеді және орындалуын қамтамасыз етеді;

азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау саласындағы салааралықынтымақтастықты дамыту;

азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыруда халықтың қатысуын ұйымдастырады.

### **3-бөлім. Азаматтардың ұрпақ жаңғырту құқықтары және міндеттері**

**5-бап.** Азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау саласындағы құқықтары және міндеттері

1. Азаматтар:

ерікті ұрпақ жаңғыртуды таңдау;  
ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі қызмет алу;  
өзінің ұрпақ жаңғырту денсаулығы, әдістер, өзінің ұрпақ жаңғырту денсаулығы жағдайы туралы, сондай-ақ ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі жоғары білікті қызмет алу жағдайы туралы нақты және толық ақпарат алу;  
жүктілік кезеңіндегі, босану кезіндегі және босанғаннан кейінгі денсаулығын сақтау;

ұрықсыздықты, оның ішінде Қазақстан Республикасында рұқсат етілген осы заманғы қосалқы ұрпақ жаңғырту әдістерін қолдану арқылы емдеу;

жыныстық клеткалардың донорлығы;

жыныстық клеткаларды сақтау;

суррогат ана болу;

контрацепция әдісін пайдалануға және еркін таңдау;

хирургиялық стерилизациялау;

жүктілікті жасанды үзу құқығына ие.

2. Азаматтар өзінің ұрпақ жаңғырту құқығын жүзеге асыру кезінде өзге азаматтардың құқығы мен заңдық мүддесін сақтауға міндетті.

Азаматтардың өзінің ұрпақ жаңғырту құқығын жүзеге асыруы адамды бейімдеуге тыйым салады.

**6-бап.** Ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау

Отбасын жоспарлауға және азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтауға

байланысты қызмет көрсетуді мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдары, жеке медициналық практикамен айналысатын жеке және заңды тұлғалар қамтамасыз етеді.

Ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау жөніндегі медициналық көмекті тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде денсаулық сақтау ұйымдары көрсетеді.

**7-бап.** Әйелдердің босануға дейінгі және босанғаннан кейінгі денсаулығы

1. Әйел жүктілік кезеңінде, босану кезінде және босанғаннан кейін Қазақстан Республикасының аумағында рұқсат етілген әдістерді қолдана отырып денсаулығын сақтауға және жәрдем алуға құқылы.

2. Мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің ұйымдарында жүктілерге, босанғандар мен босанатындарға мемлекеттік бюджет есебінен медициналық, консультативтік және дәрілік көмек ұсынылады.

**8 - б а п .** Б е д е у л і к т і е м д е у

1. Азаматтар ағзасына әсер етуіне қатысты олардың тиімділігі, қолданудың оңтайлы мерзімі, мүмкін болатын асқынулар, медициналық және құқықтық салдар және өзге де мәліметтер туралы толық және түбегейлі ақпараттарды міндетті түрде ала отырып, заңға сәйкес азаматтардың денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы қолдануға рұқсат еткен Қазақстан Республикасының аумағында қосалқы ұрпақ жаңғырту технологиясын қолдану арқылы медициналық ұйымдарда қауіпсіз және тиімді әдістермен бедеулікті емдеуге құқығы бар.

2. Тіркелген некеде тұрған азаматтар қосалқы ұрпақ жаңғырту технологиясын тек екі жақтың келісімі бойынша ғана қолдануға құқылы.

3. Емдеудің қолайлы нәтижесі кезінде қосалқы ұрпақ жаңғырту технологиясын пайдалануға келісім беруші адамдар өзіне Қазақстан Республикасының заңына сәйкес болашақ баланы асырау мен оның тәрбиесіне қатысты ата-аналардың тең құқығы мен міндеттерін қабылдайды.

**9 - б а п .** С у р р о г а т а н а

1. Суррогат ана әдісі сыйлық ақы төлеу арқылы не онсыз балалы болғысы келетін адамдардың шарты бойынша әйелдің ұрықты көтеруін және баланы тууын көздейді.

2. Суррогат ана шартының маңызды шарттарына: балалы болғысы келетін осы тұлғалар және суррогат ана болғысы келетін әйелдер; суррогат ананың сыйлық ақысы сомасына және бар болған жағдайда оны төлеу тәртібіне ұсыным;

суррогат ананы ұстауға материалдық шығыстарды төлеу тәртібі мен шарты; суррогат анамен шарт жасасқан адамдар баладан және оны төлеу тәртібінен бас тартқан жағдайдағы төленетін өтемақы мөлшері; екі жақтың құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

екі жақтың келісімі бойынша өзге де шарттар жатады.

Суррогат ананың шарты нотариальды куәландыруға жатады.

3. Шарт жасасудан бұрын ана болғысы келетін әйел суррогат ана әдісін қолдануға шешім қабылдаған адамдарға өзінің жеке және психикалық денсаулығы, бала көтергіштігі, сондай-ақ медициналық-генетикалық тексеру нәтижелері туралы толық ақпаратты ұсынуға міндетті. Суррогат ананың медициналық, оның ішінде медициналық-генетикалық тексеруден өтуіне байланысты материалдық шығыстарды онымен шарт жасасқан адамдар жауапкершілігіне алады.

4. С у р р о г а т а н а :

жүктіліктің ерте мерзімінде (12 аптаға дейін) медициналық есепке тұруға;

дәрігерде үнемі байқауда болуға және оның ұсыныстарын орындауға;

үнемі өзінің денсаулық жағдайына қарауға;

өзімен шарт жасасқан адамдарға жүктіліктің өтуі туралы хабардар етіп отыруға м і н д е т т і .

Суррогат ана туған баланы өзімен шарт жасасқан адамдарға беруден бас тартуға, сондай-ақ ал өзге адамдарға беруге құқығы жоқ.

5. Суррогат ана әдісін қолдануға шешім қабылдаған адамдар оны пайдаланғаны үшін, сондай-ақ жүктілік, босану және босанғаннан кейін 42 күн кезеңінде (асқынған босану жағдайында - 76 күн кезеңінде) ананың сауығуының материалдық шығыстарын ж а у а п к е р ш і л і г і н е а л а д ы .

6. Суррогат анамен шарт жасасқан адамдар баладан бас тартқан жағдайда анадан медициналық тексеруге, қосалқы ұрпақ жаңғырту технологиясын қолдануға, сауықтыруға жұмсалған материалдық шығыстарды өзге де шығындарды, сондай-ақ осы сияқты сыйақы болса оның сомасын талап етуге құқығы жоқ.

Суррогат анамен шарт жасасқан адамдар баладан бас тартқан жағдайда және ана баланы қабылдаған жағдайда бұл адамдар шартта белгіленген мөлшерде және тәртіпте ө т е м а қ ы т ө л е й д і .

7. Суррогат анамен шарт жасасқан адамдар баладан бас тартқан жағдайда аналық құқығы суррогат анаға қалдырылады. Кейіннен анамен шарт жасасқан адамдар балаға және анаға қатысты барлық құқыққа қарсы қолданған іс-әрекеттері үшін заң актілерінде белгіленген тәртіпте жауапқа тартылады.

8. Суррогат ана баланы оның ата-анасына бергеннен кейін осы балаға арналған барлық құқықтардан айырылады. Кейіннен бала мен оның ата-анасына қатысты кез-келген іс-әрекеті үшін суррогат ана Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапқа тартылады.

**10-бап.** Жыныстық клеткалар донорлығы

1. Қазақстан Республикасының 18 жастан 25 жасқа дейінгі, жеке және психикалық дені сау, медициналық-генетикалық тексеруден өткен азаматтары жыныстық клеткалардың доноры болуға құқылы.

2. Жыныстық клетканы алу және оларды сақтау жөніндегі операцияларды жүргізудің тәртібі мен жағдайын азаматтардың ұрпақ жаңғырту денсаулығын сақтау саласында басшылық етуші Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы белгілейді.

### **11-бап.** Контрацепцияны пайдалану

1. Азаматтар контрацепция, оның ішінде медицина әдісін таңдауға, сондай-ақ олардан бас тартуға құқылы. Азаматтарға денсаулық жағдайын, жасын және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, қаламаған жүктілікті болдырмаудың пайдалы әдістерін жеке іріктеу жөніндегі медициналық-әлеуметтік, консультативтік жәрдем көрсетіледі.

2. Заңда белгіленген тәртіппен азаматтардың медициналық және әлеуметтік айғақтары болған жағдайда оларға қаламаған жүктілікті болдырмау заттарын тегін ұсынуға құқылы.

### **12-бап.** Хирургиялық стерилизациялау

1. Кәмелетке толған және өзі үшін ұрпақ жаңғырту мәселесін шешкен азаматтар қаламаған жүктілікті болдырмаудың хирургиялық әдістерін (хирургиялық стерилизациялау) ерікті түрде қолдануға құқылы.

2. Осы операцияның тұрлаулылығы туралы міндетті алдын ала хабарлау арқылы осы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар медициналық ұйымдарының мамандары азаматтардың тек жазбаша келісімдері бойынша хирургиялық стерилизациялау жүргізеді.

3. Хирургиялық стерилизациялауды жүргізу ережесін азаматтар денсаулығын сақтау саласында басшылықты жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы белгілейді.

### **13-бап.** Жүктілікті жасанды үзу (аборт)

1. Әйел жүктілікті жасанды үзуге (аборт) құқылы.

Жүктілікті жасанды үзуді болдырмау мақсатында дәрігерлер моральдық-этикалық, психологиялық және теріс физиологиялық салдарды, мүмкін болатын аборт асқынуларын түсіндіруге бағытталған әңгімелер өткізуге міндетті.

2. Жүктілікті жасанды үзу әйелдің қалауы бойынша: әлеуметтік көрсеткіш бойынша етеккір 20 күнге дейін болмаған, етеккірдің 20 күннен 12 аптаға дейін болмаған кезде, ал әйелдің өміріне қауіпті медициналық айғақтар болған және мерзімінен тәуелсіз оның келісімі болған кезде жүргізіледі.

3. Кәмелетке толмағандардың жүктіліктілігін жасанды үзу олардың ата-аналарының немесе заңды өкілдердің келісімімен жүргізіледі.

4. Жүктілікті жасанды үзуді жүргізудің жағдайы мен тәртібі азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асырушы Қазақстан Республикасының уәкілетті орталық атқару органы белгілейді.

5. Жеке іріктеу әдістері мен контрацепция құралдарын енгізе отырып, емдеу-алдын алу ұйымдарында әйелдердің қалауы бойынша жүктілікті жасанды үзуге дейінгі және кейінгі кезеңдерде медициналық-әлеуметтік консультация өткізіледі.

### **3-бөлім. Қорытынды ережелер**

**14-бап.** Осы Заңды бұзу жауапкершілігі  
Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес осы Заңның талаптарын бұзушылар жауапқа тартылады.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК